



№31 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

Инвестициялық монеталарды айналысқа шығару туралы

Нұр-Сұлтан

2020 жылғы 17 тамыз

Қазақстан Ұлттық Банкі **2020 жылғы 17 тамызда** 10, 20, 50, 100, 200 және 500 теңге номиналдарындағы алтыннан және 1, 2, 5 және 10 теңге номиналдарындағы күмістен «2020 жылы соғылған «ALTYN BARYS» және «KUMIS BARYS» инвестициялық монеталарын айналысқа шығарады.

«ALTYN BARYS» және «KUMIS BARYS» инвестициялық монеталарының дизайнында монеталардағы жазулар мемлекеттік тілде өзгертіліп, мүсіндік бейнелер жақсартылды.

Инвестициялық монеталар – 999,9 жоғары сынамалы сапасы жоғары алтын және күміс монеталар. Олардың негізгі мақсаты – қаражатты инвестициялау және жинақтау.

Бүгінгі таңда инвестициялық монеталардың бірнеше ірі брендтері бар – «Крюгерранд» (Оңтүстік Африка), «Америкалық бүркіт» (АҚШ), «Вена филармониясы» (Австрия), «Панда» (Қытай), «Үйеңкі жапырағы» (Канада).

Қазақстанның алғашқы инвестициялық «ЖІБЕК ЖОЛЫ» монеталары 1996 жылы айналысқа шығарылды. 2009 жылдан бастап дизайнының өзгеруіне байланысты түрлі салмақ сипаттамалары бар «АЛТЫН БАРЫС» және «КҮМІС БАРЫС» инвестициялық монеталары шығарыла бастады.

Инвестициялық монеталардың ерекшеліктері:

- шектелмеген таралымдар;
- «proof» технологиясы қолданылмастан дайындалады;
- монета жасалған металдың құны мен салмағына байланысты кіріс алу;
- Ұлттық Банк Сату және сатып алу ережелеріне¹ сәйкес сатып алу монетадағы металдың салмағы бойынша есептелетіндіктен жағдайына (сызаттар, патина және т.б.) қарамастан кері сатып алуға қабылдайды;
- қосылған құнына салық салынбайды.

Алтын мен күмістен жасалған барлық номиналдардағы инвестициялық монеталар Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында белгіленген құны бойынша төлемдердің барлық түрлері бойынша, сондай-ақ банк шоттарына есепке жазу үшін және аудару үшін қабылдануға міндетті, Қазақстан Республикасының барлық банктерінде шектеусіз ұсақталады және айырбасталады.

«ALTYN BARYS» және «KUMIS BARYS» инвестициялық монеталары Қазақстан теңге сарайында дайындалған. Оларды Қазақстан Ұлттық Банкінің барлық аумақтық филиалдарынан, сондай-ақ www.nationalbank.kz сайтындағы Интернет-дүкен арқылы сатып алуға болады.

¹ «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының банкноттары мен монеталарын сату және сатып алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 сәуірдегі № 70 қаулысы

2020 жылы соғылатын «ALTYN BARYS» инвестициялық монеталарының бейнеленуі және сипаттамасы

Аверс	Реверс	Номиналы: 10 теңге Металл құрамы: Au 999,9 Диаметрі: 16 мм Массасы: 3,11g (1/10 oz) Қыры: бедерлі Мемлекеттік тілдегі латын графикасындағы атауы: ALTYN BARYS Ағылшын тіліндегі атауы: GOLDEN IRBIS
Аверс	Реверс	Номиналы: 20 теңге Металл құрамы: Au 999,9 Диаметрі: 20 мм Массасы: 7,78g (1/4 oz) Қыры: бедерлі Мемлекеттік тілдегі латын графикасындағы атауы: ALTYN BARYS Ағылшын тіліндегі атауы: GOLDEN IRBIS
Аверс	Реверс	Номиналы: 50 теңге Металл құрамы: Au 999,9 Диаметрі: 25 мм Массасы: 15,55 g (1/2 oz) Қыры: бедерлі Мемлекеттік тілдегі латын графикасындағы атауы: ALTYN BARYS Ағылшын тіліндегі атауы: GOLDEN IRBIS
Аверс	Реверс	Номиналы: 100 теңге Металл құрамы: Au 999,9 Диаметрі: 32 мм Массасы: 31,1g (1,0 oz) Қыры: бедерлі Мемлекеттік тілдегі латын графикасындағы атауы: ALTYN BARYS Ағылшын тіліндегі атауы: GOLDEN IRBIS
Аверс	Реверс	Номиналы: 200 теңге Металл құрамы: Au 999,9 Диаметрі: 38,61 мм Массасы: 62,2g (2,0 oz) Қыры: бедерлі Мемлекеттік тілдегі латын графикасындағы атауы: ALTYN BARYS Ағылшын тіліндегі атауы: GOLDEN IRBIS
Аверс	Реверс	Номиналы: 500 теңге Металл құрамы: Au 999,9 Диаметрі: 50 мм Массасы: 155,5g (5,0 oz) Қыры: бедерлі Мемлекеттік тілдегі латын графикасындағы атауы: ALTYN BARYS Ағылшын тіліндегі атауы: GOLDEN IRBIS

2020 жылы соғылатын «KUMIS BARYS» инвестициялық монеталарының бейнеленуі және сипаттамасы

Аверс



Реверс



Номиналы: 1 теңге
Металл құрамы: Ag 999,9
Диаметрі: 38,61 мм
Массасы: 31,1g (1,0 oz)
Қыры: бедерлі
Мемлекеттік тілдегі латын графикасындағы атауы: KUMIS BARYS
Ағылшын тіліндегі атауы: SILVER IRBIS

Аверс



Реверс



Номиналы: 2 теңге
Металл құрамы: Ag 999,9
Диаметрі: 50 мм
Массасы: 62,2 g (2,0 oz)
Қыры: бедерлі
Мемлекеттік тілдегі латын графикасындағы атауы: KUMIS BARYS
Ағылшын тіліндегі атауы: SILVER IRBIS

Аверс



Реверс



Номиналы: 5 теңге
Металл құрамы: Ag 999,9
Диаметрі: 65 мм
Массасы: 155,5g (5,0 oz)
Қыры: бедерлі
Мемлекеттік тілдегі латын графикасындағы атауы: KUMIS BARYS
Ағылшын тіліндегі атауы: SILVER IRBIS

Аверс



Реверс



Номиналы: 10 теңге
Металл құрамы: Ag 999,9
Диаметрі: 75 мм
Массасы: 311 g (10,0 oz)
Қыры: бедерлі
Мемлекеттік тілдегі латын графикасындағы атауы: KUMIS BARYS
Ағылшын тіліндегі атауы: SILVER IRBIS

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы алуына болады:

+7 (717) 2 775 205

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz